

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы" 2014 жылғы 17 қарашадағы № 956 және "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 - 2016 жылдарға арналған нысаналы трансфертер бөлу туралы" 2014 жылғы 17 қарашадағы № 957 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 қарашадағы № 917 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» 2014 жылғы 17 қарашадағы № 956 және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 – 2016 жылдарға арналған нысаналы трансфертер бөлу туралы» 2014 жылғы 17 қарашадағы № 957 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» 2014 жылғы 17 қарашадағы № 956 және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 – 2016 жылдарға арналған нысаналы трансфертер бөлу туралы» 2014 жылғы 17 қарашадағы № 957 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

### ҚАУЛЫ

### Е Т Е М И Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер енгізілсін :

1) «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 956

Жарлығында :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 ) мұнай :

68 (алпыс сегіз) миллиард 500 (бес жүз) миллион теңге сомасына «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнағы экономикалық аймағының;

12 (он екі) миллиард 348 (үш жұз қырық сегіз) миллион 188 (жұз сексен сегіз) мың теңге сомасына «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының аумақтарында инфрақұрылым объектілерін салу үшін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 80 (сексен) миллиард 848 (сегіз жұз қырық сегіз) миллион 188 (жұз сексен сегіз) мың теңге;»;

2) «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 – 2016 жылдарға арналған нысаналы трансфертер бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 957 Жарлығында:

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджетке 962 (тоғыз жұз алпыс екі) миллиард 438 (төрт жұз отыз сегіз) миллион 475 (төрт жұз жетпіс бес) мың теңге мөлшерінде нысаналы трансфертер, оның ішіндегі 1 ) тармакшада:

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«агроенеркесіптік кешен субъектілерін қаржылай сауықтыру көлемін ұлғайту үшін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға – 5 (бес) миллиард 792 (жеті жұз тоқсан екі) миллион 601 (алты жұз бір) мың теңге;»;

онынышы, он бірінші және он екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«техникалық стандарттар мен регламенттерді бақылау үшін зертханалық базаны нығайтуға – 1 (бір) миллиард 107 (бір жұз жеті) миллион 826 (сегіз жұз жиырма алты) мың тенге;

жер қойнауының перспективалы участеклерінде геологиялық барлау жұмыстарының көлемін ұлғайтуға – 4 (төрт) миллиард 609 (алты жұз тоғыз) миллион 118 (бір жұз он сегіз) мың тенге;

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша жобаларды іске асыру кезінде қажетті инфрақұрылымды тартуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы даму трансфертерін бөлуге – 9 (тоғыз) миллиард 781 (жеті жұз сексен бір) миллион 530 (бес жұз отыз) мың теңге;»;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«бірінші кезекте үш ауысымдық оқытуды және мектептердің авариялығын жою үшін білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы даму трансфертерін бөлуге – 19 (он тоғыз) миллиард 447 (төрт жұз қырық жеті) миллион 400 (төрт жұз мың тенге;»;

он тоғызынышы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықаралық ғарыш станциясына Қазақстан Республикасы ғарышкерінің ұшудың қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу – 5 (бес) миллиард 500 (

б е с ж ү з ) м и л л и о н т е н г е ; » ;

2) тармақшаның он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резервін ұлғайтуға – 225 (екі жүз  
жырыма бес) миллиард 500 (бес жүз) миллион теңге бөлінсін.».

2. Осы Жарлық қол қойылған қунінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

*H.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК